

**Мемлекеттік сатып алудың  
№132 шарты**

Атырау к.

« 15 » 04 2024 жыл

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық тері-венерологиялық диспансері" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Бердешева Мира атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ДК "БАҒЫБЕК", Куәлік негізінде әрекет ететін Басшысы Саугабаев Галимбек Ашиқбаевич атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң), «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі 39-бабының 3-тармағының 4-тармақшасы негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

**1 Шарттың мәні**

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

1) осы Шарт;

**2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары**

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 250000(екі жүз елу мың) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) қол қойылған Шарт;

2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

**3. Тапсырыстың әкеліну мерзімі.**

3.1. Тауарды жеткізу мерзімі келісім шарт жасалған күннен бастап жалғанған қосымшаға сәйкес есептесу .

3.3. «Өнім берушінің» міндеті тауарды тапсыруда «Тапсырыс берушіге» тауарды «Сатып алушыға» немесе оның көрсетілген адамына тапсырылған жағдайда, орындалды деп саналады.

3.4. Қызметті алып-тапсыру тәртібі есеп-фактураға және жүк құжаттарға сәйкес қамтамасыз етіледі.

3.5. «Өнім беруші» тауарды шарттың ақырғы бөліміне зақым келтіріп, бүлінбес үшін, олардың сақталуын қамтамасыз ету керек.

**4. Қызмет сапасы.**

- 4.1. Тауар, қызмет сапасы тауарлардың, қызметтердің берілген топтары стандарттан жоғары болу керек.
- 4.2. «Өнім беруші» шарттағы көрсетілген қызметтің сапалылығына, материалдардың жана не сериялық модель болып табылатындығына кепілдік береді
- 4.3. Қызмет «Тапсырыс берушінің» орнатқан талаптарына сәйкес болу керек.
- 4.4. «Тапсырыс беруші» қызметті алу кезінде, анықтаған кемшіліктері болатын болса, немесе тауарды алған уақыттан бастап, 1 (бір) ай ішінде, «Өнім беруші» өз ретіне, «Тапсырыс беруші» жағынан ешқандай қосымша шығын шығармай, шағым ұсынуына құқылы.
- 4.5. «Өнім беруші» берілген қызмет түріне сәйкес құжаттар болуы керек.

#### **5. Екі жақтың міндеттері мен даулыны шешу тәртібі.**

- 5.1. «Өнім беруші» уақытында Миялы ауылына сапалы тауар жеткізу.
- 5.2. «Өнім беруші» келісілген қызметтен бас тартса, берілген қызмет құнынан 10% көлемінде айыппұл төлейді.
- 5.3. Егер форс-мажорлы жағдаймен ерекшеленбесе, «Өнім беруші» келісілген қызмет шартын орындау кезеңінде, уақытында жеткізбесе, шарт сомасының 0,1 % көлемінде әрбір кешіккен күніне тұрақсыздық айыбын төлейді.
- 5.4. Берілген екі жақ шағымдары жазбаша ескерту хатын алған уақыттан бастап, 5 (бес) күн ішінде қарастырылуы керек.
- 5.5. Осындай келіссөздер басталған уақыттан 21 (жиырма бір) күн ішінде, «Өнім беруші» және «Тапсырыс беруші» шарт бойынша, даулыны шеше алмаса, әрбір жақ ҚР Заңнамасына сәйкес, сұрақтың шешілуіне талап ете алады.

#### **6. (форс-мажорлы) жауапкершіліктен босататын жағдайлар.**

- 6.1. Кәдімгі шарттың мақсатында «Өнім беруші» жағынан бақылауға бағынбайтын, есептеудегі жаза басушылық немесе «Өнім беруші» ұқыпсыздығымен және күтпеген мінезді «форс-мажор» оқиғаларды білдіреді. Бұндай оқиғалар өз қызметінің шектелмеуіне болады, олар: әскери әрекеттер, табиғи немесе сұрапыл апаттар, індеттер, тауардың жеткізілуіне карантин және тыйым салу. Егер форс-мажорлы жағдаймен ерекшеленбесе, «Өнім беруші» келісілген қызмет шартын орындау кезеңінде, уақытында жеткізбесе, шарт сомасының 0,1% көлемінде әрбір кешіккен күніне тұрақсыздық айыбын төлейді. Мемлекеттік мекеме 0,1% мөлшерінде міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алуды қамтамасыз етуге міндетті.
- 6.2. Форс-мажорлы жағдай туғызылған уақытта, «Өнім беруші» шарттағы міндеттерін орындауын жалғастырады және форс-мажорлы жағдайларға қарамай, балама әдістерді іздейді.

#### **7. Шарттың мерзімі.**

Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2024-12-31 дейін қолданылады.

#### **8. Қосымша талаптар.**

- 8.1. Екі жақтың біреуі де өзінің құқықтарымен міндеттерін кәдімгі шарт бойынша, үшінші жаққа тапсыруға құқығы жоқ.
- 8.2. Барлық өзгерістер, толықтырулар кәдімгі шартқа жазба түрінде екі жақпен жасалып, қол қойылады.
- 8.3. Өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етіледі:
  - жабдықтаушы кәдімгі шартты орындау барысында, бағасы өзгермейтін жағдайда, одан әрі жоғары сапалы және техникалық мінездемесі мен жеткізу жолы жақсырақ, тауар мен қызметтерді ұсынған кезде.
  - екі жақтың келісуімен тауар бағасының төменделуі кезінде, қызметі және шарттың сомасына сәйкес, шартты орындау барысында, сатып алынатын тауармен қызметтің үйлесімді бағасы төмендеу жағына өзгерген жағдайда.

8.4. Өткізілген мемлекеттік сатып алуғағы ұсыныстар мазмұнын өзгерткен жағдайда, жобаға келісілген шартқа өзгерістер енгізілмейді.

8.5. «Тапсырыс беруші» кез келген уақытта шартты бұзуы мындай жағдайда мүмкін:

- «Өнім беруші» банкрот немесе төлеуге шамасы келмейтін болса. Бұл жағдайда, «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» карағанда, қаржылық міндет жүргізбейді.

- оның әрі қарай орындалуы, мақсатқа сай болмаса, шартты бұзу себебін жариялап, шарттын міндеттері жойылған көлемімен, шарттың бұзылу мерзімі, күшке енгеннен кейін.

8.6. Жоғарыда айтылған жағдайларда «Өнім беруші» шарттың бұзылуына байланысты бұзылу күні, нақты шығындарды төлеттіруге құқылы.

8.7. Жоғарыда аталған пункттердің біреуі де «Өнім берушіні» кепілден немесе басқа да берілген шарттағы міндеттерден босатпайды.

8.8. Екі жаққа да, бір бірден бірдей заңдық күші бар шарт, үш бетте, екі данадан құралған.

8.9. Басқасында, кәдімгі шартта қарастырылмағандары екі жақ ҚР Заңнамасына нұсқау етіп қолданады.

#### 9. Заңды мекен-жайлармен екі жақтың реквизиттері:

Атырау облысы Денсаулық сақтау  
басқармасының "Атырау облыстық тері-  
венерологиялық диспансері" Атырау қ,  
Владимирская, 104  
БСН 070140004454  
БСК IRTYKZKA  
ЖСК KZ9296510F0007516940  
"ForteBank" АҚ

Басшысы \_\_\_\_\_ Бердешева Мира



ДК "БАГЫБЕК"

Атырау қ., мкр.Нурсая , 89, 14  
БСН/ЖСН 621025300355  
БСК HSBKZKX  
ЖСК KZ696010002123108991

Басшысы \_\_\_\_\_ Г.Саугабаев



## Сатып алынатын заттар тізімі

1 №	2 Атауы	3 өлшемі	4 көлемі	5 Бірлік бағасы	6 Жалпы сома
1	бетон ФБС 2400*400*600	штука	2	79800	159600
2	бетон ФБС 1200*400*600	штука	2	45200	90400
					250000

Атырау облысы Денсаулық сақтау  
басқармасының "Атырау облыстық тері-  
венерологиялық диспансері"  
Атырау қ, Владимирская, 104  
БСН 070140004454  
БСК IRTYKZKA  
ЖСК KZ9296510F0007516940  
"ForteBank" АҚ

Басшысы



Бердешева Мира

ДК "БАҒЫБЕК"

Атырау қ., мкр.Нурсая , 89, 14  
БСН/ЖСН 621025300355  
БСК HSBKKZKX  
ЖСК KZ696010002123108991

Басшысы



Г.Сауғабаев

### Сатып алынаты тауарлардың техникалық ерекшелігі

Лоттың атауы :	Бетон
Лоттың сипаттауы:	ФБС іргетас блоктары, өлшемі 2400*400*600 кем емес. Ұсталмаған жаңа күйде болуы тиіс.
Өлшем бірлігі: дана	2
Жеткізу орны:	231010000, Атырау облысы, Атырау қ. Атырауская қаласы ,Владимирский көшесі, 104
Жеткізу мерзімі:	шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде
Қосымша	Тапсырыс берушінің қоймасына жеткізу. Тауар ақаулы болған жағдайда қайтару жеткізушінің қаражатымен. Жеткізу алдында міндетті түрде Тапсырыс берушімен келісу. Кепілдік 1 жыл

Директор



Бердешева М.

## Сатып алынаты тауарлардың техникалық ерекшелігі

Лоттың атауы :	Бетон
Лоттың сипаттауы:	ФБС іргетас блоктары, өлшемі 1200*400*600 кем емес. Ұсталмаған жаңа күйде болуы тиіс.
Өлшем бірлігі: дана	2
Жеткізу орны:	231010000, Атырау облысы, Атырау қ. Атырауская қаласы ,Владимирский көшесі, 104
Жеткізу мерзімі:	шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде
Қосымша	Тапсырыс берушінің қоймасына жеткізу. Тауар ақаулы болған жағдайда қайтару жеткізушінің қаражатымен. Жеткізу алдында міндетті түрде Тапсырыс берушімен келісу. Кепілдік 1 жыл

Директор



Бердешева М.